

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 2 шілде N 144

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда К941000_ қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; N 24, 174-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 19, 370-құжат; 1997 жылғы 25 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 11 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң з а ң ы ;

1 9 - б а п т а :

1-тармақта "осы Кодексте" деген сөздерден кейін "және өзге заң актілерінде" деген сөздермен толықтырылып, "мемлекеттік тіркеуге тұрған кезден бастап" деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

4-5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мынадай шарттардың біріне сәйкес келетін:

- 1) жалданбалы қызметкерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланатын;
- 2) кәсіпкерлік қызметтен салық заңдарына сәйкес есептелген, Қазақстан Республикасының заң актілерінде жеке тұлғалар үшін белгіленген жиынтық жылдық табыстың салық салынбайтын мөлшерінен артық жиынтық жылдық табыс табатын жеке кәсіпкерлер міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

Мемлекеттік тіркеусіз аталған жеке кәсіпкерлердің қызметіне тыйым салынады.

5. Егер жеке кәсіпкер лицензиялануға тиіс қызметті жүзеге асырса, оның осындай қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы болуы міндетті.

Лицензия лицензиялау туралы заңдарда белгіленген тәртіппен беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жеке кәсіпкерлерге лицензия берудің оңайлатылған тәртібін белгілеуге хақылы";

21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Жеке кәсіпкердің банкроттығы.

1. Жеке кәсіпкердің дәрменсіздігі. (осы Кодекстің 52-бабы) оны банкрот деп тануға негіз болып табылады.

2. Жеке кәсіпкерлік банкроттығы осы Кодекстің 53-бабында белгіленген ережелер бойынша ерікті немесе мәжбүрлі тәртіппен танылады. Жеке кәсіпкерлі банкрот деп таныған кезден бастап оны жеке кәсіпкер ретінде тіркеудің күші жойылады.

3. Жеке кәсіпкерге банкроттық рәсімін қолданған кезде оның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес міндеттемелер жөнінде несие берушілері, егер осындай міндеттемелер бойынша орындау мерзімі жетсе, өз талаптарын қоюға хақылы. Аталған несие берушілердің осындай тәртіппен мәлімделмеген талаптары, сондай-ақ конкурстық жиынтықтан толық көлемде қанағаттандырылмаған талаптар күшін сақтап қалады және банкроттық рәсім аяқталғаннан кейін жеке тұлға ретінде борышкерден өндіріп алуға қойылуы мүмкін. Бұл талаптардың мөлшері борышкердің банкроттығы процесінде алынған қанағаттандыру сомасына кемітіледі.

4. Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғанға дейін конкурстық жиынтықтан сот шығындары, сондай-ақ әкімшіге, конкурс және оңалту басқарушыларына, олар тағайындалған жағдайда, сыйақы төлеу жөніндегі шығындар өтеледі. Жеке кәсіпкер банкрот деп танылған жағдайда, оған несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру оған тиесілі мүлік есебінен мынадай кезекпен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезекте алимент өндіріп алу жөніндегі талаптар, сондай-ақ өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі талаптар қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбекақы төлеу жөніндегі және авторлық шарттар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі есеп айырысу жүргізіледі;

3) үшінші кезекте бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін міндетті төлемдер бойынша берешек өтеледі;

4) төртінші кезекте несие берушілердің жеке кәсіпкерге тиесілі мүлік кепілімен қамтамасыз етілген талаптары қамтамасыз ету сомасы шегінде қанағаттандырылады;

5) бесінші кезекте заң актілеріне сәйкес басқа несие берушілермен есеп айырысу жүргізіледі.

Әрбір кезектегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру заңды тұлғалардың банкроттығы туралы заң актілерінде көзделген ережелер бойынша жүргізіледі.

5. Банкрот деп танылған борышкер несие берушілермен есеп айырысып болғаннан кейін кәсіпкерлік қызметке байланысты қалған міндеттемелерді орындаудан босатылады, бұған банкрот деп жарияланған адамның азаматтардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапты болатын талаптары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жеке сипаттағы өзге де талаптар

қ о с ы л м а й д ы . " .

2. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z922500_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат):

1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жеке кәсіпкерлік - азаматтардың өздерінің (жеке кәсіпкерлік) немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың (заңды тұлғалардың жеке кәсіпкерлігі) меншігіне негізделген және азаматтардың немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігіне алынып жүзеге асырылатын, азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың табыс табуға бағытталған б а с т а м а ш ы л ы қ қ ы з м е т і . " ;

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

3 - б а п т а :

1-тармақтағы "Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі құқылық түрі заңдар және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулылары болып табылады" деген сөздер алып тасталсын;

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

4 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жеке кәсіпкерлікті бір азамат дербес (өзіндік кәсіпкерлік) немесе азаматтар тобы - жеке кәсіпкерлер (бірлескен кәсіпкерлік) заңды тұлға құрмай-ақ жүзеге асыра алады.

Бірлескен кәсіпкерліктің нысандары мыналар болып табылады:

1) ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігінің негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігі;

2) шаруа (фермер) қожалығының бірлескен ортақ меншігінің немесе жекешелендірілген тұрғын үйге бірлескен ортақ меншіктің негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;

3) жай серіктестік, бұл орайда кәсіпкерлік қызмет үлестік ортақ меншіктің негізінде жүзеге асырылады ;

2. Заңды тұлғалардың жеке кәсіпкерлігін мемлекеттік емес заңды тұлғалар жүзеге асырады . " ;

5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Жеке кәсіпкерліктің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау

1. Мемлекет жеке кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді. Мемлекет, егер осы Заңда және басқа да заң

актілерінде өзгеше көзделмесе, жеке кәсіпкерлік өз қызметін еркін және толық көлемінде жүзеге асыру құқығын қамтамасыз етеді.

2. Жеке кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделері:

1) лицензияланатын қызмет түрлерін қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті кімнің болса да рұқсатын алмай-ақ жүзеге асыру мүмкіндігі;

2) жеке кәсіпкерлерді бір тіркеу органында барынша оңайлатылған, келіп тіркелу тәртібімен;

3) мемлекеттік органдар жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік қызметті тексеруді заң актілерімен шектеу;

4) жеке кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мен мемлекеттік органдар актілерінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне сотқа шағымдану;

5) жеке кәсіпкерлік қызметті заң актісінде көзделген негіз бойынша шығарылған сот шешімі бойынша ғана мәжбүрлеп тоқтату;

6) жеке кәсіпкерлік үшін тыйым салынған немесе шек қойылған жұмыстардың тізбесін, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер түрлерін заң актілерімен ғана белгілеу;

7) мемлекеттік органдарды, лауазымды адамдарды, сондай-ақ өзге де тұлғалар мен ұйымдарды жеке кәсіпкерлердің қызметіне заңсыз кедергі келтіргені үшін заң актілерімен белгіленген жауапқа тарту;

8) заңдарда көзделген өзге де амалдар арқылы қорғалады.";

6 және 7-баптар алып тасталсын;

8 - б а п т а :

1-тармақтың екінші азатжолындағы "аудандық (қалалық) мемлекеттік статистика органдарында" деген сөздер "азаматтың тұрғылықты жері бойынша аумақтық салық органында (бұдан әрі - тіркеуші орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мынадай шарттардың біріне сәйкес келетін:

1) жалдама қызметкерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланатын;

2) кәсіпкерлік қызметтен салық заңдарына сәйкес есептелген, Қазақстан Республикасының заң актілерінде жеке тұлғалар үшін белгіленген жиынтық жылдық табыстың салық салынбайтын мөлшерінен артық жиынтық табыс табатын жеке кәсіпкерлер міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

Мемлекеттік тіркеусіз аталған және кәсіпкерлердің қызметіне тыйым салынады.

5. Осы баптың 4-тармағында аталмаған жеке кәсіпкерлер өздерінің қалауы бойынша жеке кәсіпкер ретінде тіркеледі.

Осы баптың 4-тармағында аталғандардан басқа жеке кәсіпкерлерде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің болмауы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін кедергі болмайды.

6. Қызметін мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асыратын жеке кәсіпкердің мәмілелер

жасасқан кезде өзінің кәсіпкер болып табылмайтынына сілтеме жасауға хақы жоқ";

9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады." ;

10-бап алып тасталсын ;

14-баптың үшінші азатжолындағы "Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен және жағдайда жер учаскесін иелену құқығы да, пайдалану құқығы да" деген сөздер "Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда жер учаскесіне меншік немесе тұрақты жер пайдалану құқығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметті лицензиялау Жеке кәсіпкерлік қызметті лицензиялау заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады." ;

17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

" 17-бап. Жеке кәсіпкерлерге банк қызметін көрсету Жеке кәсіпкерлерге банк қызметін көрсету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шарттар негізінде және тараптардың келісімімен жүзеге асырылады." ;

19-баптың 4-тармағындағы екінші азатжолындағы "тізбесін" деген сөз "тізбесі" деген сөзбен, "тәртібін" деген сөз "тәртібі" деген сөзбен, "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі белгілейді" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді" деген

сөздермен ауыстырылсын;

23-баптың 4-тармағындағы "Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Үкіметі" деген сөзбен ауыстырылсын;

28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады." ;

29 және 30-баптар алып тасталсын;

сәуірдегі N 2200 Z952200_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 жылғы 25 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 9 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

3 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтар (жеке кәсіпкерлер) лицензияны заңды тұлғалар үшін белгіленген тәртіппен алады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жеке кәсіпкерлерге лицензия берудің оңайлатылған тәртібін белгілеуге хақылы.";

1 6 - б а п т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алым төленгенін растайтын құжат (осы Жарлықтың 18-бабы).";

18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін алым

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін алымның мөлшері, оны төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленеді." ;

1 9 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін алым төленбесе (осы Жарлықтың 18-бабы);".

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ заң күші бар

Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 275-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 жылғы 1 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттеріне жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңы, 1997 жылғы 15 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" 1997 жылғы 27 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы) ;

34-бапта:

5-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) жеке кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметпен айналысудан алған табысы (Қазақстан Республикасында төлем көзіне салық салынуға тиіс табысты қоспағанда) жеке тұлғалар үшін Заңда белгіленген салық салынбайтын жылдық табыстың сомасынан аспайды."

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК